

пед. кең.

БҮЙРЫҚ № 2

29.08.2024ж.

«Педагогикалық кеңес құрамын жасақтау туралы»

2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің жұмысын жүйелі ұйымдастыру мақсатында

БҮЙЫРАМЫН:

1. Педагогикалық кеңестің құрамы төмендегідей құрамда бекітілсін:
 - 1) Төрайымы Ш.С.Тұрмағамбетова
 - 2) Хатшысы: А.К.Рахимова
 - 3) Мүшелері: балабақша педагогтері мен мамандары.
2. Педагогикалық кеңес өз қызметін бекітілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырсын.
3. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалары белгіленген тәртіппен және уақытылы жүргізілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Балабақша басшысы



Ш.С.Тұрмағамбетова

«Бекітемін»
«Нұрсая» балабақшасы
басшысы Ш.С.Тұрмағамбетова

2024-2025 оқу жылының педагогикалық кеңес жоспары
Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

№	Атқарылатын жұмыстар	түрі	мерзімі	жауапты
1	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: « Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру» Мақсаты: Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру. 1.Жылдық жоспарды бекіту. -жылдық мақсаттар мен міндеттерді нақтылау -оқу жоспарын бекіту. -ҮІӨ-нің үйлестіру кестесін талдау; -перспективалық жоспарларды жүйселеу, -топтағы дамытушылық ортаны жетілдіру «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы -жасанды интелект технологияларын меңгеру, оқып үйрену -Ата-аналармен жұмыс -Ішк тәртіп ережелері 2.Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау, қауіпсіздік ережелеріне арналған әдістемелікті үнемі басшылыққа алып отыру. 3.Педагогикалық тренинг «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс» 4.№1 Педкеңестің шешімі,	Бағыттаушы педагогикалық кеңес	тамыз	Меңгеруші, әдіскер

	№2 Педкеңеске тапсырма			
2	№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру» Қарлаған мәселелер: -Цифрлық технологияларды қолдану; -Дамытушы орталықтарды жетілдіру жолдары -Жасанды интелект технологияларын меңгеру -Педагогтардың білім деңгейлерін, санатын көтеру жұмыстары Сыбайлас жемқортың алдын-алу -Ішкі тәртіп ережелерін сақтау 3. «Ерекше білімді қажет ететін балалармен жүргізілісін танымдық ойын түрлері» жұмыс тәжірибесінен 4. №2 педкеңестің шешімі №3 педкеңеске тапсырма	Дөңгелек үстел	қараша	Әдіскер топ тәрбиешілері Тәрбиеші менгеруші
3	№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлау қабілетін арттыру» Максаты: Балабақша мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметтік бейімделуіне, әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау. 1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің	Көрме (дамытушы орта бойынша)	Қаңтар	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

	орындалу есебі; 2.Топтардың дамытушы орталықтарының жұмысы; 3.Балалардың білім деңгейін арттыру; 4.Іс-тәжірибе алмасу жұмыстары 5.Балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту 6.Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру жолдары 7.Педагогтердің этика,эстетика мәдениеті; 8.«Үздік педагог-2025» байқауына қатысу 9.Ішкі тәртіп 5.№3 педкенестің шешімі №4 педкеңеңке тапсырма	Тәжірибелік көрініс Талқылау, ұсыныстар		
4	№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Әдеп нормаларын бұзушылықтарды талдау және шешу жолдары» Қаралған мәселе: 1.Әдеп нормаларын бұзушылықтарды талдау 2.Этикалық мәдениетті қалыптарсытыру 3. Қызметкерлердің эмоционалдық тұрақтылығы 4.Мотивациялық жұмыстар 5. Шағымдар мен ұсыныстарды қарау 6.Ұжымдағы өзара сыйластық 7.Әдеп нормаларын бақылау 8.№4 педкенестің шешімі №5педкеңеңке тапсырма		Наурыз	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
5.	5. Педагогикалық кеңес тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының қорытындылары» Мақсаты: Балабақшаның оқу-тәрбиелеу жұмысының жағдайын	Қортынды педагогикалық кеңес	мамыр	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

анықтау,келесі оқу жылына жұмыс бағытын бекіту. 1.№4 педагогикалық кеңестің шешімін талдау. «Жетстіктер мен проблемалар» 2024-2025 оқу жылындағы жылдық тапсырмалардың орындалуы. 2. «Біздің жетстігіміз!» тәрбиешілер мен мамандардың жылдық қорытынды есебі 3.2024-5оқу жылындағы балалардың мектепке дейінгі білім бағдарламаларының базалық мазмұнын меңгеру сапасының өлшем бағалар мониторингісін өткізу туралы есеп. 4.Жазғы сауықтыру-шынықтыруы жұмыстарын ұйымдастырудың жоспарымен таныстыру,талқылау және бекіту. 5.Балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау мен деенсаулығын нығайту туралы нұсқаулы пен бұйрығымен таныстыру. 6. «Тұлғалық эмоционалдық тұрақтылығы» №5 педагогикалық кеңестің шешімі	Есеп Есеп Есеп ақпарат		
---	--	--	--

**«ИП Архат» «Нұрсая» жеке балабақшасының
№1 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

28.08.2024ж

Қатысты- 3педагог
Қатыспағаны-0

**Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары
2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру»**

Максаты: 2024- 2025 жаңа оқу жылында тәрбиеу мен оқыту жұмысын
ұйымдастыру.2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру
туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Тамыз кеңесі материалдарымен
таныстыру.

Күн тәртібінде :

- 1.Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау.
- 2.Білім беру қызметкерлернің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
- 3.Жазғы сауықтыру-шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту.
- 4.Жылдық жоспарды бекіту.
 - жылдық мақсаттар мен міндеттерді нақтылау
 - оқу жоспарын бекіту.
 - ҰТӨ-нің үйлестіру кестесін талдау;
 - перспективалық жоспарларды жүйелеу,
 - топтағы дамытушылық орташы жетілдіру
- «Бір тұтас тәрбие»бағдарламасы
 - жасанды интелект технологияларын меңгеру,оқып ,үйрену
 - Ата-аналармен жұмыс
 - Ішкі тәртіп ережелері
- 5.Тренинг «2024-2025 оқу жылы...» мақсатты тренинг балабақша басшысы Ш.С. Тұрмағамбетова.;
- 6.«Үздік дамытушы орта» байқауын қорытындылау
- 7.Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

№2 Педкеңеске тапсырма

2024-2025 оқу жылының №1 педагогикалық кеңесі дәстүрден тыс тәсілде өтті. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ш.С. Тұрмағамбетова сөз алды. Педагогтерді жаңа оқу жылымен құттықтап ,жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі.2023-2024 оқу жылына қортынды жасалынып ,жасалған жұмыстардың нәтижесін атап өтті.Тәрбиеленушілердің мониторингісіне тоқталып, балалардың коммуникативтік білім дағдыларын дамыту бойынша іс—әрекеттерді көбейтуді тапсырды. Екінші мәселе бойынша әдіскер Шолпан Сәндібекқызы білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстырды.Биылғы бағдарлама бойынша «DIGITAL KAZAKHSTAN: Заманауи білім беру» бағыты негізінде балалар мен педагогтарды

жасанды интеллект түрлерімен таныстыруды бастайтыныны айтты және кешенді жұмыстар басталатыныны түсіндірді. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу – оқыту процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен танысытру жүргізілді. Презентацияда әр бөлім бойынша өзгерістер толықтай айтылды. Жана оқу жылы жасанды интеллект технологияларын меңгеру жылы болатынын ескертті, онымен қоса балаларға экологиялық білім беру, қауіпсіздік туралы нұсқаулықтар жан-жақты түсіндірілді. 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдама бойынша «Бір тұтас тәрбие» бағытындағы кешенді бағдарлама аясында жұмыс жасалатынын айтып, дамытушы орталықтарды кеңейтуді ескертті. Балаларға арналған ұлттық бұрышта арнайы камшы өріу, шаш өріу бұрыштарын және балаларға арнайы жайлы демалыс орны болуы керектігін де атап өтті. Тәрбиешілердің сұрақтарына жауап берілді, нұсқаулық бойынша аналар, әжелер, әкелер мектебі бойынша кешенді жұмыстар жалғасатынын да айта кетті.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Ш.С. Тұрмағамбетова жазғы сауықтыру- шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын қорытындылады. Жазғы сауықтыру кезеңінде екі кезекші топ жұмыс жасады, әр апта сайын ауданға есеп жіберіліп отырды, ресми паракшаға яғни әлеуметтік желіге жазғы сауықтыру кезеңінде 11 бейнематериал жүктелгенін атап өтті. «Құрметті педагог, Сіз үшін жазғы сауықтыру кезеңі қалай өтті?» тақырыбында жасанды интеллект көмегімен қорытынды жасасак. Шедевруман нейрожелісі арқылы жазғы сауықтыру кезеңін қорытындылайық. Сіз өз сипаттамаңыз бойынша нейрожелі көмегімен сурет саласыз, салынған суретке түсіндірме жасалады. Педагогтердің нейрожелі арқылы алған суреттері:

Төртінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. 2024-2025 оқу жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хат негізінде мерекелік іс-шаралар талқыланды. Жана оқу жылындағы өзгерістер айтылды. Педагогтердің сұрақтарына жауап берілді. Топтардың ҰІӨ-тің кестесі, перспективалық жоспарлары, таңғы жаттығулар кешені және ән ұран айту кестесі, күн тәртібі кестелері бекітіліп таратылды.

Ішкі тәртіп ережелерін қайта айтып меңгеруші Ш.С. Тұрмағамбетова педагогтарға жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті.

Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті.

Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңестің шешуі қабылданды.

Қаулы:

1. Оқу жұмыс жоспары, жылдық жоспар, ҰІӨ кестелері, күн тәртібі бекітілсін
2. 11 қыркүйекке дейін топтардың жеке іс – қағаздары тапсырылсын.
3. Ішкі тәртіп толықтай сақталсын, жұмысқа уақытылы келсін
4. Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.
5. Білім беру-тәрбиелеу процестеріне ата-аналар тартылсын. Ашық есік күндері ұйымдастырылсын.
6. Жасанды интеллект технологияларын меңгеру бойынша педагогтер арасында шеберлік сағаттары өткізілсін, бір-біріне көмектессін.

Торайымы:



Тұрмағамбетова Ш.С.

Хатшы



Рахимова А.К.

**«ИП Архат» «Нурсая» жеке балабакшасының
№2 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

28.11.2024ж

Қатысты- 3 педагог

Қатыспағаны-0

Тақырыбы: «Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру»

Максаты: балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етуге, балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт-бағдар беру.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы.
2. «Ерекше білім беруді талап ететін балаларға жасанды интеллект қалай көмектесе алады?»
3. Тренинг
- Әр түрлі мәселер
4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-ау шаралары
5. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ш.С. Тұрмағамбетова сөз алды. Педагогтардың жұмыстарын саралап топтардағы дамытушы орталықтардың толықтырылуы бойынша талдау жүргізді. Топтардың жұмыстарына оң бағасын берді. 2024-2025 оқу жылының №1 педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімдердің орындалуын жақсы деп бағалады. Педагогтерге нейрожелілерді үйреніп қана қоймай, күнделікті балалармен жиі қолдануды тапсырды.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Ш. Кажғалиева ерекше білім беруді талап ететін балалардың орнында педагогтер Сіздер болсаңыздар не істер едіңіздер деген қозғаушы сұрағын қойып, педагогтерді ситуациялық ойынға шақырды. Ойын соңында педагогтер ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ішкі сезімімен таныс болды және ол балаларға көмектесулері үшін дайын болатындықтарын, өз қорытындыларын айтты.

Әр түрлі мәселелер бойынша ерекше білім беруді талап ететін балалардың қауіпсіздігіне аса сақ болуды талап етті, балалармен жеке жұмыстары көптеп жасаланып, тәрбиешілер бүгінгі іс-тәжірибеде көрген ойындарын өз жұмыстарында қолдануды сұрады. Ішкі тәртіп ережелерін қайта айтып меңгеруші педагогтарға жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын тоқсан сайын өткізу қажеттігін айтып өтті. Әрбір іс-әрекеттер барысында ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші А.К. Рахимова талқылады:

Құрметті әріптестер! Бүгінгі педагогикалық кеңесте қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тақырыбын қарастырамыз. Бұл тек мемлекеттік мекемелер үшін ғана емес, білім беру саласы үшін де маңызды. Себебі біз өскелең ұрпаққа адалдық, әділдік, парасаттылық секілді құндылықтарды сіңіріуіміз керек.

Сыбайлас жемқорлықтың білім беру саласындағы көріністері: 1. Заңсыз ақша жинау (оқу құралдарына, сыйлықтарға және т.б.). Тамыр – таныстық арқылы жұмысқа орналасу. Қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану. Ашықтық пен әділдіктің бұзылуы. 2. Балабақшада сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары: Ата-аналармен және қызметкерлермен түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға тиым салу. Педагогикалық этиканы сақтау. Ашықтық пен әділдік қағидаларын ұстану. Мемлекеттік қызметтің адалдығын қамтамасыз ету.

Балалармен ойындар, ертегілер, әңгімелер арқылы әділдік, шынышылдық қағидаларын түсіндіру «Адалдық сағаттары» мен тәрбиелік шаралар өткізу. Өз ісіне жауапкершілікпен қарауды үйрету.

Қорытынды:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-сбаршамыздың ортақ міндетіміз. Әрбір педагог бұл мәселеге жауапкершілікпен қарап, адалдық, әділдік, ашықтық қағидаларын ұстануы қажет. Осылайша біз болашақ ұрпаққа өнеге көрсетеміз.

Қаулы:

1. Цифрлық технологиялармен жұмыс жасауда нейрожелілермен жұмыс жасау басшылыққа алынсын.
2. Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.
3. Жасанды интелект технологияларын меңгеру бойынша педагогтар арасында шеберлік сағаттары өткізілуі әдіскерге жүктелсін.
4. Балабақшада сыбайласы жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын күшейту.

Төрайымы:
Хатшы



Тұрмағамбетова Ш.С.
Рахимова А.К.

**«ИП Архат» «Нұрсая» жеке балабақшасының
№3 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

16.01.2025ж

Қатысты- 3педагог
Қатыспағаны-0

Тақырыбы: Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалды ойындар арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

Мақсаты: педагогикалық ұжымның осы бағыттағы жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.

Күн тәртібінде:

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы – меңгеруші.
 2. 2024-2025 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасы.
 3. Баяндама «Көркем шығармалар мен интеллектуалдық ойындар»-тәрбиеші
 4. Іс-тәжірибе «Ойын ойнап, ойлайық» тәрбиеші Г.Ш. Кажғалиева
 5. «Ертегі сыр шертеді» шеберлік сағаты тәрбиеші А.К. Рахимова
 6. Әр түрлі мәселелер
- Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.

2024-2025 оқу жылының №3 педагогикалық кеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ш.С. Тұрмағамбетова сөз алды, №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, жақсы деген баға берді. Топтарды барынша орталықтарға бөлу бойынша бірнеше нұсқаулар берілді. Орталықтарды ары қарай жандандыра беруді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Шолпан Сәндібекқызы осы оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы «аралық» білім деңгейлерінің қортындысына тоқталды. Бастапқы бақылау парағы мен аралық бақылау парақтары бойынша есеп берді. Балалардың білім көрсеткіштері пайыздық мөлшермен көрсетілді. Балалардың білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жасалау қажеттігі ескертілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Ш. Кажғалиева «Көркем шығармалар мен интеллектуалдық ойындар»-тақырыбында ойындар көрсетті. «Логика қайда?» логикаға арналған интеллектуалдық ойын өткізді. Педагогтарды екі топқа бөліп педагогтардың ойлау қабілеттерін шыңдады. Одан соң ертегіні сахналау бойынша «Аю мен маса» ертегісін атрибуттарды қолдану арқылы ертегіні сахналап көрсетті. Педагогтарға өзара рөлбөлініп, сәйкес ертегіні сомдады. Қорыта айтқанда, балаларды көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалды ойындар арқылы дамытудың маңызын атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші А.К. Рахимова «Ойнап, жүріп ойнайық» тақырыбында іс-тәжірибе жүргізді. Педагогтарды бір сызыққа тұрғызып «Ия-жоқ»

ойынын ойнаты. Ойын барысында сыни ойлау, тез шешім қабылдау дағдылары қалыптасты. Бірінші ойында жеңіске жеткен бес педагог нейрожаттығулармен жаттығып, «Крестики-нолики» ойынын ойнады. Жеңген педагогтармен «Түстерді ажырат» ойынын ойнады. Соңында қалған яғни жеңімпаз педагогтар медальдармен марапатталды. Ойнау арқылы көптеген дағдылардың қалыптасатынына педагогтардың көзі жетіп, қызығушылықтары артты.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші А.К. Рахимова Ертегі сыр шертеді» шеберлік сағатын өткізді. Көлеңке театры арқылы балаларға ертегі сомдап көрсетудің маңыздылығын атап өтті. «Шалқан» ертегісін педагогтарға рөлдерді бөліп бере отырып, көлеңке театры арқылы сомдап көрсетті. Шеберлік сағатынан педагогтар ерекше, жақсы әсер алды.

Әртүрлі мәселелер бойынша әдіскер Ш.С. Тұрмағамбетова балабақшаның ішкі безендірулерін мен орталықтарға бөлінуіне байланысты баға берді. Топтардың айлық жұмыстары бойынша есептері уақытында тапсырылып, өткізіліп тұруы қажеттігі ескертілді. Барлық педагогтарды «Үздік педагог-2025» байқауының срезжесімен таныстырды. Балабақша меңгерушісі Ш. Тұрмағамбетова ішкі тәртіп пен 2024-2025 оқу жылының аудандық семинарына байланысты нұсқаулар берілді. Балалардың қатысым табельдерін қатесіз толық толтыруды тапсырды. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

№3 педагогикалық кеңес шешімі:

1. Топтардағы дамытушы орталықтар жаңартылысын
2. 2. Білім деңгейінің сапасын көтеруге жұмыстар нақтылы аясын
3. 3. Іс-тәжірибелер мен шеберлік сағаттар үнемі өткізіліп тұрсын
4. 4. Педагогтардың этика-эстетикалық талғамдарын жақсарту, әріптестер арасында субординация сақталсын.

Төрайымы:
Хатшы



Тұрмағамбетова Ш.С.
Рахимова А.К.

**«ИП Архат » «Нұрсая » жеке балабақшасының
№4 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

31.03.2025ж

Қатысты- педагог
Қатыспағаны-0

Тақырыбы: «Әдеп нормаларын бұзушылықтарды талдау және шешу жолдары»

Мақсаты: Педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтау мәдениетін қалыптастыру, әдеп бұзушылықтардың себептерін анықтау және олардың алдын алу жолдарын қарастыру, ұжымда өзара сыйластық пен ынтымыаықтастық қарым-қатынасты нығайту, педагогикалық этика талаптарын сақтауға жауапкершілікті арттыру.

Күн тәртібі:

1. Әдеп нормаларын бұзуға қатысты орын алған жағдайларды қарастыру,
2. Әдеп бұзушылыққа әсер ететін себептерді анықтау
3. Педагогтардың әдеп бұзушылыққа жол бермеуі үшін мотивациялық шараларды енгізу.

Бірінші мәселе бойынша: баяндамашы : Ш.С. Тұрмағамбетова

Мазмұны:

Әдеп бұзушылықтардың негізгі себептері анықталды:

- 1.Қызметкерлердің эмоциялық жүктемесінің жоғары болуы
- 2.Жұмыстағы стресстік жағдайдың көптігі
- 3.Әдеп нормалары туралы түсініктің жеткіліксіздігі
- 4.Конфликтілік жағдайларды дұрыс шешу тәсілдерінің жетіспеуі.

Екінші мәселе бойынша: тәрбиеші Г.П. Кажалисва

Мазмұны:

Әдеп бұзушылықтарды болдырмау үшін ұсынылған шаралар:

- 1.Әріптестер арасындағы өзара сыйластық мәдениетін нығайту
- 2.Қызметкерлерге эмоциялық тұрақтылықты сақтау әдістерін үйрету
- 3.Конфликтілерді болдырмау және шешу бойынша арнайы тренингтер өткізу.
- 4.Қызметкерлердің жұмыс жүктемесін әділ бөлу.

Үшінші мәселе бойынша : баяндамашы А.К.Рахимова

Мазмұны: Қызметкерлердің әдеп нормаларын сақтау жауапкершілігін арттыру үшін мотивациялық жұмыстар жүргізу ұсынылды. Әдеп нормаларын сақтаған қызметкерлерді марапаттау және үлгі ретінде көрсету әдісі талқыланды.

Шешімдер :

- 1.Барлық қызметкерлерге педагогикалық әдеп нормаларын түсіндіру бойынша ай сайынғы жиналыс өткізу.
- 2.Қызметкерлер арасында ең үздік әдеп үлгісін көрсеткендерді марапаттау жүйесін енгізу.
- 3.Әдеп нормалары туралы шағымдар немесе ұсыныстар түссе,оларды арнайы комиссия арқылы қа

Төрайымы
Хатшы :



Ш.С. Тұрмағамбетова
А. К.Рахимова.

**«ИП Архат» «Нұрсая» жеке балабақшасының
№5 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

Қатысты- педагог
Қатыспағаны-0

28.05.2025ж

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының қорытындылары»

Мақсаты: Балабақшаның оқу- тәрбие жұмысының жағдайын талдау,оқу жылының қорытындыларын шығару және келесі оқу жылына арналған жұмыс бағыттарын айқындау.

Күн тәртібі:

1.№4 педагогикалық кеңестің шешімін талдау.

«Жетстіктер мен проблемалар» 2024-2025 оқу жылындағы жылдық тапсырмалардың орындалуы.

2. «Біздің жетстігіміз!» тәрбиешілер мен мамандардың жылдық қортынды есебі

3.2024-5оқу жылындағы балалардың мектепке дейінгі білім бағдарламаларының базалық мазмұнын меңгеру сапасы бойынша мониторинг нәтижелері

4.Жазғы сауықтыру-шынықтыруы жұмыстарын ұйымдастырудың жоспарымен таныстыру,талқылау және бекіту.

5.Балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау мен деенсаулығын нығайту туралы нұсқаулы пен бұйрығымен таныстыру.

6. «Тұлғалық эмоционалдық тұрақтылығы» тақырыбындағы психологиялық кеңес.

№5 педагогикалық кеңестің шешімі

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ш.С. Тұрмағамбетова сөз сөйлеп №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына талдау жасады.Жылдық жоспар міндеттерінің орындалу деңгейі сараланып,оқу жылы барысында қол жеткізілген нәтижелер мен кездескен қиындықтар атап өтілді. Балабақшада білім беру мен тәрбиелеу жұмыстарының жүйелі ұйымдатырылғаны, жоспарларған іс-шаралардың толық орындалғаны айтылды.

2-ші мәселе бойынша тәрбиешілер оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстар бойынша жылдық есептерін ұсынды. Есептерде тәрбиеленушілердің жетістіктері ,өткізілген мерекелік іс-шаралар,жобалық жұмыстар ,ата-аналармен жүргізілген жұмыстар және инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану тәжірибелері көрсетілді. Педагогтердің кәсіби белсенділігі мен шығармашылық ізденістері нәтижесінде балалардың танымдық коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерінің дамуына оң ықпал еткені атап өтілді.

3-ші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ш.С. Тұрмағамбетова балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгерту деңгейі бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін таныстырды.

Мониторинг қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің басым көпшілігі

бағдарламалық материалды жас ерекшеліктеріне сай меңгергені анықталды. Танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік және шығармашылық дағдылардың қалыптасу деңгейіне талдау жасалып, жекелеген тәрбиеленушілермен түзету жұмыстарын жалғастыру қажеттігі айтылды.


4-ші мәселе бойынша балабақша басшысы Шолпан Сәндібекқызы жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын таныстырды. Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, табиғатпен таныстыру және шынықтыру шараларын ұйымдастыру бойынша жоспарланған жұмыстар талқыланды.

5-ші мәселе бойынша меңгеруші Ш.С. Тұрмағамбетова балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға байланысты қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар мен колданыстағы бұйрықтармен таныстырды. Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау және төтенше жағдайлардың алдын-алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

6-шы мәселе бойынша педагог-тәрбиеші Г.Ш. Кажғалиева «Тұлғаның эмоционалдық тұрақтылығы» тақырыбында кеңес өткізді. Кеңес барысында педагогтердің эмоционалдық жағдайын реттеу, кәсіби күйзелістің алдын алу, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру жолдары қарастырылды. Педагогтерге эмоционалдық ресурстарды сақтау және стрессті басқару бойынша практикалық ұсынымдар берілді.

Қаулы етті:

1. 2024-2025 оқу жылының қорытындылары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
3. Жазғы сауықтыру жоспары бекітілсін.
4. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша жұмыстар күшейтілсін.
5. 2025-2026 оқу жылына арналған басым бағыттар мен міндеттер айқындалсын.
6. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің арттыру жұмыстары жалғастырылсын.

Төрайым :  Тұрмағамбетова Ш.С.
Хатшы :  Рахимова А.К.

